

А. Т. Шакжанов, қылмыстарды сотқа дейінгі тергеу кафедрасының доценті,
полиция подполковнигі
(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы,
Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.)

Тонау қылмыстарын сотқа дейінгі тергеп-тексеру ерекшелігі

Аннотация. Мақалада тонау, яғни бөтеннің мүлкін ашық түрде жымқыруға байланысты сотқа дейінгі тергеп-тексерудің ерекшеліктері қарастырылған. Тонау қылмыстық құқық бұзушылықтың қауіптілігі бөтеннің меншігіне қол сұғумен бірге, осы қол сұғудың өте қауіпті емес тәсілі — шабуыл жасауға ұшыраған адамның өмірі мен денсаулығына қауіпті емес күш қолданумен немесе тікелей күш қолданамын деп қорқытумен ұштасқанда болып табылады. Тонау қылмысын тергеп-тексеру барысында ең маңыздысы жәбірленушінің өз көзімен көрген куәлардан жауап алу, оқиға орнын қарап-тексеруді жүргізу.

Түйін сөздер: тонау, объект, субъект, жәбірленуші, оқиға орнын қарап-тексеру, мүлікті талан-таражға салу.

Қазақстан Республикасында ең көп кездесетін қылмыстық құқық бұзушылықтар қатарына меншікке қарсы қылмыстар жатады, оның ішінде тонау мүлікті ашық түрде жымқыру қылмысы. Тонаудың қауіптілігі бөтеннің меншігіне қол сұғумен бірге, осы қол сұғудың өте қауіпті емес тәсілі — шабуыл жасауға ұшыраған адамның өмірі мен денсаулығына қауіпті емес күш қолдану немесе тікелей күш қолданамын деп қорқыту болып табылады. Қылмыстың бұл түрінің қоғамға қауіптілігінің көтеріңкі жағдайы оның екі бірдей объектісі — меншікке және адамның өмірі мен денсаулығына бір мезетте қылмысты қол сұғуы арқылы сипатталады.

Жәбірленушілердің емдеу мекемелеріне келіп түсуінен анықтама және тергеу органдары тонау туралы есту жағдайлары да көзделеді. Егер жәбірленушінің нашар хал жағдайына байланысты жауап алу мүмкін болмаса және қылмыстық құқық бұзушылық ісі бойынша куәлар жоқ болса, қылмыстық іс емдеу мекемелерінен алған хабарламаларының немесе оқиға болған жерді қарап-тексеру нәтижелері негізінде сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталады. Қазіргі таңда тәжірибеде көптеген тергеушілер, анықтаушылар және басқа да тергеулік әрекетке қатысушылар тергеулік қарап-тексеруді тек ғана сырттай жүргізеді. Олар тоналған объектіні терең, жан-жақты, толық талдау жасамайды, нақты жағдайды оқиға болған жерде бағаламайды. Объектінің жағдайын және белгілерін зерттемейді, олардың арасындағы қарым-қатынасқа көңіл бөлмейді. Сондықтан көптеген тергеушілер және анықтаушылар басқа да тергеулік әрекетке қатысушылар қарауға салақтық пен ұқыпсыздықпен қарағандықтан біріншіден, көптеген қылмыстық құқық бұзушылықтар ашылмай қалады, сонымен қатар кінәлі күдікті адамдар қылмыстық жауапкершіліктен босатылып жатады. Ал екіншіден жиналған дәлелдемелердің дәлелдемелік күші болмай, дәлелдемелік күшін жойып жарамсыз болып қала береді.

Оқиға болған жерді қарап-тексеру жүргізгенде іздерді табуға болады:

а) қылмыскердің және жәбірленушінің жүріс-тұрыс өзгешілігін (қозғалуын) және жеке басын сипаттайтын:

– көлікте қол, аяқ, киім, аяқ-киім іздері;

– иіс іздері;

– адамның тіршілік әрекеті, адам ағзасынан бөлінуі және т. б.;

– қылмыстық құқық бұзушылық оқиғасы болған жердің жалпы сипаттамасы (тапталған жер, сынған шөп, боялған немесе шаң болған заттың бетінің сырылуы);

б) мүлікті иемдену әдістерін көрсететін:

– бөгеттерді бұзу іздері;

– оқиғаға қатысушы кейбір адамдардың киімдерінің жыртылуы немесе жаралануын куәландыратын іздер (мысалы, қан іздері, түйменің жұлынуы, матаның кесегі).

Егер қылмыстық іс қылмыстық құқық бұзушылықтың жасалу фактісі бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталса, онда тергеу әдетте:

- жәбірленушіден жауап алудан;
- оқиға болған жерді қарап-тексеруден;
- киімді қарау және жәбірленушіні куәландырудан;
- жәбірленушіге сот-медициналық сараптама тағайындаудан;
- өз көзімен көрген куәларден жауап алудан басталады.

Меншікке қарсы қылмыстар оның ішінде тонау қылмысы, өзіне ұқсас басқада қылмыстардан ажыратып дәрежелілеу құқық қорғау қызметкерлерінің басты міндеттері болып табылады.

Куә және қылмыстық құқық бұзушылық оқиғаны көзімен көріп басықасында болғаннан жауап алу барысында қойылатын сұрақтар:

- тонау қандай жағдайда болды;
- тонауды кім жасады немесе ол адам туралы мәліметтер мен ерекше белгілері;
- қылмыскер қандай көлік құралдарын пайдаланды, қай жаққа қарай бет алды, бағыты;
- қылмыскер оқиға болған жерден қандай заттарды алып кетті немесе қылмыскер оқиға болған жерде қандай заттарын тастап қалдырып, кетті;
- қылмыс жасау барысында немесе қылмыс жасағаннан кейінгі жәбірленушінің мінез-құлқы қандай болды;
- қылмыс жасау барысында куәгер қай жерде болды;
- куә қандай себептермен және қандай жағдайлармен қылмыс болған жерде болған;
- куә жәбірленушімен немесе қылмыскерлер мен таныспа;
- осы қылмысты басқа адам көруі мүмкін бе.

Тонаудың объективтік жағы күдіктінің белсенді әрекет күйінде бөтеннің мүлкін ашықтан ашық жымқыру, яғни адамның өмірі мен денсаулығына қауіпті емес күш көрсетумен немесе тікелей күш қолданамын деп қорқытумен ұштасқан ашық түрде шабуыл жасау арқылы белгіленеді. Осыған орай мұндай жағдайларды оқиға болған жерді қарап-тексеру және басқа да тергеу әрекеттерін жүзеге асыру кезінде жиналған заттай немесе өзге де дәлелдемелер арқылы анықтауға болады. Көптеген жағдайда жасаған қылмысын мойындауға тура келген күдіктілер жауап алу кезінде жәбірленушіге қатысты қолданған күштің сипатын, дәрежесін жеңілдетіп көрсетуге, күш қолданған жоқпын деп қылмыстың жағдайын өзгертіп айтып, өздерінің іс-әрекеттерін жеңілдірек қылмыспен саралануына тырысады. Заң әдебиеттерінде егер тонау жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына қауіпті емес күш қолданумен, не осындай күш қолданамын деп қорқытумен ұштасқан болса, онда тұлғаның денесіне қол сұғылмауы мен бостандығы қосымша объекті болып табылатындығы жөніндегі көзқарастар айтылды. Мұндай көзқарастармен келесі ұйғарым бойынша келісе қоюға болмайтын сияқты. Біріншіден, жәбірленуші тұлғасы — қылмыстық құқық теориясына сәйкес, жәбірленушіге ықпал ету әдісі ретіндегі тонау кезіндегі күш қолдану жәбірленушінің бостандығына емес, денсаулығына қауіп төндіретін болғандықтан, қосымша объекті ретінде қарастырыла алмайтын қол сұғушылықтың тектік объектісі [1]. Сөйтіп, қосымша объекті ретінде (күш көрсетіп тонауда) жәбірленушінің денсаулығы болып түсуі мүмкін.

Объективтік жағынан бұл қылмыстық әрекет пайда болған зардап пен әрекеттің арасындағы себепті байланыспен көрінеді, сондықтан құрылысы жағынан тонау құрамы материалдық болып саналады. Объективті өлшемдік негіз кінәлінің қылмыстық әрекетін түсінетін меншік иесінің немесе оған иелік етушінің көзінше жасалатын қылмыс деп шамалайды. Субъективті өлшемдік негіз адамның меншік иесі мен өзге де адамдардың бар екендігін елеместен ашық түрде әрекет жасап жатқанын ұғынуын білдіреді. Кінәлі өзін меншік иесінің немесе өзге адамдардың көзінше ашықтан-ашық әрекет жасап жатырмын деп ойлап, ал көріп тұрғандардың оның әрекетінің құқыққа қайшы сипатын ұғына алмаған жағдайда, әрекет ниетінің бағыттылығына қарай тонау деп сараланады. Осыдан келіп,

объективті және субъективті өлшемдік негіздердің қайшылықтарына байлынасты кінәлінің тонау кезіндегі әрекетін субъективті өлшемдік негізіне қарай саралаған жөн болады [ii]. Жәбірленушінің өміріне немесе денсаулығына қауіпті емес күш көрсету деп, денсаулыққа жеңілге дейін ғана зиян келтірген, денсаулығының қысқа мерзімді бұзылуына не онша ауыр емес еңбекке жарамдылығын жоғалтуға әкеп соқпаған ұрып-соғу танылады. 2010 жылғы 20 мамырдағы «Сот-медициналық сараптаманы ұйымдастыру және жүргізу тәртібі туралы нұсқаулық» денсаулыққа жеңіл зиянға жәбірленуші ауруханалық емдеуде кемінде 6 күн емдеуде болғандағы тез жазылатын жарақат алуды жатқызады. Онша ауыр емес еңбекке жарамдылығын жоғалту жалпы еңбекке жарамдылықтың 10 пайызын жоғалту деп түсінеледі [iii]. Бөтеннің мүлікті ашықтан-ашық алып қою кезіндегі қолданылатын күш көрсетудің сипаты, белсенділігі мен дәрежесі жасалған әрекетті дұрыс саралау тікелей осыған байланысты болатындықтан тергеудің бастапқы кезеңінде анықталуы керек. Тергеушінің шығармашылық ой-пікірі, осыған байланысты жасалған қағазға жоспар арқылы түсіп, жоспарда көрсетілген тергеу шараларын жүргізу арқылы түсіп, жоспарда көрсетілген тергеу шараларын жүргізу арқылы жүзеге асырылады. Жоспардың жекелілігі дегеніміз жоспардың тергеушінің тонау қылмысын ашуға, іске керектігі не осы іске байланысты сұрақтарды анықтауға бағытталуы және қылмыстық істі жүргізу үстінде жиналған дәлелдемелерге негізделуі.

РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматриваются особенности досудебного расследования уголовных правонарушений, связанных с открытым хищением чужого имущества (грабеж).

RESUME

In the given article are investigated the peculiarities of pretrial invalidation of criminal offences connected with obvious theft of property (robbery).

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

- i. Уканов К. Ш. Предупреждение хищений в Республике Казахстан: уголовно-правовые и криминологические аспекты. — М., 2003.
- ii. Борчашвили И. Ш. Уголовно-правовые проблемы борьбы с преступностью против собственности. — Қарағанды, 1997. — Б. 51.
- iii. Қар: 2010 жылғы 20 мамырдағы «Сот-медициналық сараптаманы ұйымдастыру және жүргізу тәртібі туралы нұсқаулық 4-мамырдағы «Денсаулыққа ауыр дәрежедегі зиян келтіруді сот-медициналық бағалау ережелері» // www.online.zakon.kz